



БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ
МЕН БАРЛЫҚ МҮДДЕЛІ ТҰЛҒАЛАР ҮШІН

2008 жылдың 2 шілдесі, Алматы
Баспасөз мәлімдемесі
«МТЭК» АҚ акцияларын таратудың
бірінші кезеңінің қорытындысын шығару

«Маңғыстау таратушы электржелі компаниясы» АҚ («МТЭК» АҚ) Директорлар кеңесінің 2008 жылдың 7 мамырындағы (№6 хаттама) шешіміне сәйкес «МТЭК» АҚ-ның қосымша шығарылымдағы акциялар бөлігіндегі 322 912 жай акциялар Маңғыстау облысы тұрғындары арасында таратылу үшін ұсынылды.

2008 жылдың 09 маусымы мен 2008 жылдың 23 маусымы аралағында Маңғыстау облысы аумағында «МТЭК» АҚ акцияларын сатып алуға ниет еткен жеке тұлғалардың өтініші қабылданды. Өтініш қабылдау трансфер-агенттік желі «Қазпошта» АҚ арқылы, сондай-ақ осы үлестіру жұмыстары үшін арнайы ашылған «RESMI» ИҚҰ» АҚ арқылы жүзеге асырылды.

Қаржылық кеңесші «RESMI» Инвестициялық Қаржы үйі» АҚ болды

Акцияларды шығарудың басты мақсаты қаржы нарығын жұртшылықты тарту арқылы белсенді ету, нарықтық бағалау деңгейін біліп, компанияға инвестиция тарту.

Акцияларды шығару арқылы тартылған қаражат «МҮ ЭК» компаниясының 2008 – 2010 жылдарға белгілеген жоспарларына сәйкес жұмсалады.

Акцияларды шығару үрдісі екі кезең бойынша жүзеге асырылады:

Бірінші кезеңде жалпы саны 298 213 дана акцияға өтініш түсті, бұл таратылуға ұсынылған акциялардың 92,3%-ын құрайды. Өтініштер бағасы 1 485 теңгеден 1 660 теңге аралығында өзгеріп отырады. Акцияны тарату талаптарына сәйкес төмендету бағасы 1 485 теңге болып белгіленіп, берілген өтініштің барлығы қанағаттандырылды. Қазіргі уақытта төлемдер қабылдау және акцияларды инвесторлар есебіне қосу жүзеге асырылуда.

Екінші кезеңде Қазақстан қор биржасының сауда алаңына 107 637 акцияны, сондай-ақ бірінші кезеңде таратылмаған 24 699 акцияны шығару жоспарлануда. Бұл акциялар ҚҚБ-а «А» категориясы ресми тізіміне енгізілді. «МТЭК» АҚ акцияларын сату жөніндегі сауда-саттықты 2008 жылдың 15 шілдесінде мамандандырылған сауда тәсілімен өткізу жоспарланған. Бұндай тәсіл құнды қағаздарды жалғыз сатушыға немесе сатып алушыға сәйкес сату немесе сатып алу кезінде қолданылады.

Ақпарат үшін:

«Маңғыстау таратушы электржелі компаниясы» АҚ, («МТЭК» АҚ)

Бүгінде «МТЭК» АҚ Маңғыстау облысының Ақтаудан басқа қаласына электр қуатын тасымалдайтын жалғыз компания болып табылады. Электр қуатын жеткізу компанияның өз желілері арқылы жүзеге асырылады, электр желілерінің ұзындығы 6 195,48 км., қуат күші шамамен 0,4 кВ-тан 220 кВ-қа дейін.

«МТЭК» АҚ басты қызметі электр қуатын жеткізу, орнату; электр құралдардың тұрақты әрі сенімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету және т.б.. Тасымалданатын электр қуатының көлемі сағатына 2 миллиард кВт, және баланста 57 ПС бар. Электрқуатының транзиті үшін тариф 2008 жылдың 1-ші сәуірінен бастап қосымша құн салығын есептемегенде 1,80 теңгені құрайды.

«МТЭК» АҚ негізгі қызмет түрі электр энергиясын тарату, құрылғы, орнату, құрылыс және өткізгіш қондырғылары және қызметтің басқа да түрлерін сенімді, үзіліссіз жұмысын ұйымдастыру.

2007 жылдың қаржылық қорытындысы бойынша (мың теңге):

Активтері - 11 259 615

Жеке капитал- 6 528 832

Таза кіріс 46 033

Қызметтен түскен кіріс - 2 702 954

Жалпы өнім кірісі 516 053

«МТЭК» АҚ акционерлері:

«Самрук-Энерго» АҚ- 94,26% қарапайым акциялар;

594 адам («МТЭК» АҚ-да жұмыс істейтін және бұрын жұмыс істегендер)- 5,74% басым акция.



«Resmi» инвестициялық қаржы үйі» АҚ

«RG Securities» компаниясы 1997 жылы қаржы нарығында кең ауқымды қызмет көрсету мақсатында құрылған. RG Securities қызметі барысында инвестициялық қаржы үйі деңгейіне дейін өсті. 2006 жылдың 13 қыркүйегінде ре-брендинг жүргізіліп, қазір компания «Resmi» инвестициялық қаржы үйі» АҚ деп аталады да, корпоративті клиенттер үшін, түрлі жеке тұлғалар үшін кең ауқымды қаржылық өнімдер мен инвестициялық шешімдер ұсынады. Олардың ішінде:

- Инвестициялық банкинг қызметі.
- Активтерді басқару бойынша қызмет.
- Трейдинг қызметі.

Инвестициялық банкинг

Бүгінде Қазақстанда қаржы секторы мен құнды қағаздар рыногының дамуына орай инвестициялық банкинг қызметіне күннен күнге сұраныс артып келеді. Инвестициялық банкинг аясында көптеген қаржылық қызмет түрлері қамтылған, олардың ішінде атап айтарлық: андеррайтинг, біріктіру мен енгізу тәуекелдерін жүргізу (M&A), қаржылық кеңес беру және т.б.. Біріктіру мен енгізу тәуекелдері инвестициялық банкингтің басқа түрі – акцияларды алғашқы орналастырумен немесе IPO (Initial Public Offering) тығыз байланысты. IPO – компаниялардың акцияларын кең ауқымды инвесторлар ортасында сату үшін биржаға шығару.

Қосымша ақпарат алу үшін хабарласыңыз:

Ерболат Елешев, «RESMI» ИҚҰ» АҚ
инвестициялық банкингі
департаменті директоры
Қазақстан, 050040, Алматы, әл Фараби даң., 110 Е
тел.: + 7 (727) 266 70 77, 266 71 77
факс: + 7 (727) 266 74 00